

«Жалғыздық – ішкі азап» түсінігін алып қарастырсақ, шығармада Сұлтанның жалғыздығы ғана емес, баласын жатсынған әкесінің іштей азаптануы басты кейіпкер монологі арқылы суреттеледі. Бұндай адамның рухани болмысының күйреуінен жалғыздыққа жетелейді, өмірі тек жабығу мен құлаздан тұрады деген түсінік қалыптасады. Шығармада: *«Осы ойдан соң ол бірауық іштей түйіліп үн-түнсіз тұрды да... кенет өзінің талай жыл еңсесін түсіріп, ұнжырғасын ұнтап жіберген осынау қорлық пен үрей атаулының бәрі... бәрін де дәл қазір басынан өткеріп тұрғандай, солқылдап жылап жібергені. Және өзін-өзі іріккен жоқ. Жас тамшылар көздерінен ғана емес, жүзінен, кеудесінен шығып жатқандай қатты егілді...»*, -деп ішкі жан-дүниесінің алай-дүлейі сөз болып, шарасыз жылауы жауынмен қатар суреттеледі: *«Дүниедегі ең бақытсыз жаралған пендедей, ебедейсіз солбырайып тұрған қалпы алақанымен көзін, бетін сипады. Дәл қазір оған жүзін жуған жауын суы да – көз жасы, көз жасы да – көз жасы... болып кеткендей еді»* [1,58]. Мехмедтің бойындағы жалғыздықтың тағы бір семасы – өзін дүниедегі ең бақытсыз жаралған пендедей сезінуі – шығармадағы концептті айшықтай түседі.

Қорыта айтқанда, Тынымбай Нұрмағамбетов шығармасына концептуалды талдау жүргізу барысында «соғыс» пен «жалғыздық» концептілері күрделі құрылым екені анықталды. Жазушы шығармашылығы арқылы концептілердің ішкі құрылымы мен екі ұлттың ұғым түсініктерінің танымдық элементтері тілдік тұрғыдан қарастырылып нақтыланды. Екі ұғым бір-бірімен шығармада тығыз байланысты. Себебі басқыншылық пен жаулап алушылық, біріншіден, жазықсыз грек халқының қан төгілуіне алып келсе, екіншіден түркі халқына жазылмас дерт өзгеге жасаған опасыздық үшін жаза ретінде беріледі де, онымен ауырған адамдарды жатсыну – қарапайым адамның жалғыздығына, өмірден түңіліп, біржола құса болуына алып келеді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Нұрмағамбетов Тынымбай. Айқай. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: «Өнер», 2001. – 440 бет.
2. Қожахметов Ф. «Ғаламның тілдік бейнесінің құрылымының концептілік жүйеде талдау» (конф.материалдарынан)
3. Қасенов С.Е Илияс Жансүгіров поэзиясындағы «Соғыс» концептісінің танымдық мазмұны Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы, «Филология ғылымдары» сериясы, №1 (35), 2011 ж.
4. Қанапина С.Ғ. Қазақ тіліндегі мақал – мәтелдердің танымдық бейнелілігі (Ғ.Мұстафин, С.Мұқанов шығармалары негізінде). – Қостанай. ТОО “Центрум”, 2010. – 180 бет.
5. Гауһар Саяділқызы. БҰЛ – АЙҚАЙ, ҚАЙ – АЙҚАЙ? – Қазақ әдебиеті, 30.02.20 ж.
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5-том. / Құраст.: Б.Әбілқасымов, С.Бизақов, Ә.Жүнісбеков және т.б. – Алматы, 2011. -752 б.
7. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі /Құраст. Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. - 824 б.
8. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: Фолиант, т. 63: Тарихи жырлар. – 2010. – 456 бет.
9. Шаңбай Т. Ұғым мәдениеті. Алматы:Раритет, 2009. - 352 б.

ӘОЖ 372.881.1

#### **СЫН ЕСІМДІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ**

**Бұйдабек Ақжайық**

[abuidabek@bk.ru](mailto:abuidabek@bk.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті,

Тіл-ұлттық санамызды қалыптастыру жолындағы үлкен көмекші құрал. Ал мемлекеттік тіл оның басты кілті. Мемлекеттік тіліміз, қазақ тілі күн өткен сайын даму үстінде. Демек соған сай сөздік қор да кеңейіп келеді. Сөз мағынасы өзге сөздермен тіркескенде әр қырынан көрінеді. Қазақ тілінің сөздік байлығынан ерекше орын алатын заттың сын, сапа, белгі қасиеттерін білдіретін сын есім сөздердің қолданылу аясы өте кең. Тіл байлығымыз сөздің санымен емес, сөз мағынасымен айқындалады. Бұл тұрғыда сын есімнің тоғыз сөз табының ішінде орнының қаншалықты ерекше екендігін аңғаруға болады.

Қазіргі заманда мектеп қабырғасындағы оқушыларды грамматикалық материалдармен таныстыру кезінде әрбір жаңа материалдың негізгі, басты ой-түйінін ғана түсіндіріп қоймай оны мәңгі есте қаларлықтай үйрету үшін белгілі бір технологияны қолдануымыз қажет. Тек сын есімге келгенде емес, әр пәнді, әр материалды үйретуде ұстаз белгілі бір әдіс-тәсілдерді қолданады. Тілді, оның ішінде оқушылардың ана тілін оқыту барысында балалардың сөйлеу дағдысын дамытуға көп көңіл бөлу керек пе, болмаса қалай дұрыс сөйлеу қажеттігі туралы ғылыми ұғымдар немесе грамматиканы меңгертуге көп назар аудару қажет пе деген мәселенің айналасындағы бір-біріне кереғар пікірлер бұрынғы кеңес мектебінің 70 жылдан астам тарихының ен бойында үнемі жалғасып келді. Мәселен, 1920-жылдары «грамматиканы арнайы оқытудың қажеті жоқ, ол сөйлеу барысында оқушылардың өздері-ақ үйренеді» деген көзқарас үстем болса, 1930-жылдардың бас кезіннен бастап кеңес мектептерінде оқушыларға сөйлеу, жазу дағдыларын үйрету тілдің лексикалық, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік жүйелерін меңгертумен қатар жүргізіле бастады. Ал 50 жылдары оқушылардың сөйлеу және жазу дағдыларындағы олқылықтар сөздердің лексикалық мағыналарын үйретуге аз көңіл бөлгендігінен деп табылды. Осы жағдай 60-жылдары бастауыш мектептерде берілетін білім мазмұнымен оқыту әдістерін жаңарту жұмысын іске асыруға алып келді.

Сын есім сөздері - бай синонимикалық жүйесі бар, құрылымы мен семантикасы жағынан түрлілігі мен икемділігі мол сөз табы. Сын есім сөздердің стилистикалық бояуын, бай семантикасын, сөйлемдегі қызметін, контекстік мәнін оқыту - берілген грамматикалық тақырыпты оқыту барысында студенттің сөйлеу тілін дамытуда қазақ тілі заңдылықтарының ішкі мүмкіншілігін барынша мол пайдалануды белгілейді. Сын есім сөздер - зат есім мен етістіктен кейінгі қарымы да есесі де мол сөз табы [1]. Сын есім сөздердің морфологиялық құрылымын таныту процесін олардың лексикалық мағыналары мен синтаксистік қызметтерін танытумен байланыстыру - студенттердің сөздің жан-жақты қасиетін тұтас бірлікте ұғынып, сол арқылы сөзді қолдана білу дағдыларын дамытуға, қалыптастыруға үлкен жағдай жасайды. Сын есім деп заттың сапасын, сипатын, қасиетін, көлемін, салмағын, түсін түр-реңін және басқа сол сияқты сын-сипаттарын білдіретін лексика - грамматикалық сөз табын айтамыз.

Тілдің даму барысында көптеген сөздер сияқты түр-түс атауларының да белгілі бір грамматикалық заңдылықтарға бағынатынын, әр түрлі топқа бөлініп кетеді. Түр-түс атауларының көп мағыналығы туралы синонимдік, омонимдік, антонимдік қатар құрайтындығы туралы ескертіп, мысалдармен дәлелдеймін: Ақ орамал - орамалдық анық, нақты түсін білдіріп түр. Ақ көңілі - адам көңілінің пәктігі. Ақ ниет - көңіл тазалығы. Қара жүрек - адам жүрегінің қаралығы. Қара қарындаш - қарындаштың нақты түсі т.б. Сөз таптарының қай-қайсысын да оқыту барысында оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруға болады. Соның ішінде, біздің тоқталатынымыз - сын есімді оқыту арқылы оқушылардың танымын кеңейту. Оқушы тілдегі заттың сынын білдіретін сөздер туралы түсінік алады. Сынды білдіретін сөздер оқушыларға таныс заттардың түр-түсін, сапасын білдіретін сөздерді тіркестіріп айту арқылы түсіндіріледі.

Орыс, тәжік тілдеріндегі сын есімді оқыту туралы мақалалардың авторлары С.Р. Разикова мен А.М. Габаевалар бұл сөз табын оқытудың оқушының сөйлеу тілін дамытудағы маңызын ерекше атап көрсетеді [2, 3].

Әсіресе сабақта қызықты материалдарды пайдалана отырып, ойын арқылы оқыту танымдық әрекеттерге баулу үлкен нәтиже беретіні жайлы атап көрсетеді. Оқушылардың танымдық қабілеттерінің төмендігі білім сапасының нәтижелігіне кері әсерін тигізеді. Сондықтан да мұғалім сабақта дұрыс ұйымдастыра білуі керек және де бастауыш сыныптарда ойын технологиясын сабақта қолдану арқылы көптеген нәтижелерге жетуге болады. Қазақстан орта мектептерінің неғұрлым айқын міндеттерінің бірі «Білім мазмұнында оқушылардың білім, білік, дағдыларды игеруінен бірте – бірте оларды талдау, жинақтау, логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға қарай өтуге бағытталу болып отыр». Мұндай тұжырымдамалық талдауларды іске асыруда мұғалімнің шеберлігінде ойынды, әсіресе тіл сабақтарында әрі білімдік, әрі тәрбиелік бағытта дұрыс ұйымдастыруды қажет етеді. Ойын түрін сабақта пайдалану арқылы жаңа материалды жеңіл де тиянақты, нақты түсіндіруге, меңгеруге жағдай жасалып, ол оқушының санасында берік сақталатын болады.

Қазақ тілінде «ойын» және «ойыншық сөздері «ой» сөзіне тікелей байланысты. Сірә, қазақ тілінде «ойын» термині адамның ойлау әрекетімен тығыз байланысты, өйткені ойнау – бұл бір уақытта ойлау мен әрекеттесу.

Бүгінгі таңда ойын технологиялары мектептің оқу-тәрбие процесінде оқушылардың жалпы оқу интеллектуальдық біліктерін қалыптастыруда ерекше мәнге ие болады.

Ойындарды балаларды оқыту мен тәрбиелеу ісінде пайдалану проблемасын көптеген педагогтар мен психологтар қарастырған. Оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда ойынның педагогикалық мүмкіндіктері туралы Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци, Р.Оуэн, Ф.Фребель, К.Д.Ушинский, П.Ф.Лесгафт, Л.Н.Толстой, Н.К.Крупская, А.С.Макаренко, В.А.Сухомлинский ерекше атап өткен. Ойын теориясы мен практикасын жасауға көрнекті психологтар Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин, П.П.Блонский және т.б. үлес қосты. Ойын теориясы мәселесіне неміс ағартушылары Ф.Шиллер, К.Гросс, В.Вундт және ағылшын әлеуметтанушысы Г.Спенсер ерекше ден қойды. Оқытудың құралы ретінде дидактикалық ойындарды пайдалану әдіскер ғалымдардың еңбектерінде де көп айтылды (М.И.Микитинская, Т.К.Жикалкина, т.б.).

Бала ұғымына лайықты тәрбие жұмыстарын жүргізгенде әдістемелік мағынасы зор ойын түрлерінің атқарар рөлі ерекше. Оқушы тілдің түрлі құбылыстарын меңгеру өте қиын деген ойға келеді. Мұндай қиыншылықтарда тек сабақта ойын түрлерін мақсатсыз қолдана беруге болмауы. Зерттеу жұмыстарын қарағанда, оқушының білім алуға деген ықыласы белгілі бір дағдылар мен қабілеттіліктерді қажет етеді. Сондықтан да сабақ процесінде белгілі дағды мен қабілет қалыптасу арқылы танымдық қызығушылық пайда болады.

Оқыту принципі – бастапқы дидактикалық жағдай, оқыту процесінің объективті заңдары мен заңдылықтарының таралуын білдіреді және оның тұлғаның дамуына бағытталуын анықтайды. Оқыту принциптерінде оқыту процесін құруға және оны басқаруға теориялық ұстанымы ашылады.

- Белсенділік – ойын әрекетінің негізгі принципі. Адамның ойынға даярлықтан бастап, ойын процесінде, алынған нәтижені талдау барысында адамның интеллектуалдық және физикалық күшінің бел сенді пайда болуына байланыты;

- Ойынның ашықтығы және жеткіліктілігі, кез-келген ойын еш ерекшеліктерінсіз, адамдардың еркін қатысуы үшін құрылу керектігімен түсіндіріледі. Жеткіліктілік, ойындар қарапайым және түсінікті, ал ойынның нәтижесі мен барысы жайында ақпараттар барлық назар аударушыларға жеткілікті болу керек;

- Динамикалық, уақыт факторларының адамның ойын әрекетіне әсерін білдіреді;

- Ойынның көрнекілігі, барлық ойын әрекеттері көрермендерге жақсы көріну керек, әсіресе ойын механизмдері;
- Ойынның эмоционалдылығы, негізгі дидактикалық мәні ойынға деген танымдық қызығушылықты тудырады және ойынға қатысу процесіне даярлықтың танымдық белсенділігін білдіреді;
- Жасанды ойындарды модельдеу белсенді жүйелерді имитацияландыруға негізделген.
- Жасанды ойындарда рольдерді ойнау адам әрекеттерін ойындық модельдеуге негізделген және оны жеке және толық рольдерде ойнауда көрінеді.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Павлодар, 2010.
2. Разикова С. Р. Методика преподавания прилагательного в русском и таджикском языках //ПАЁМИ. – 2016. – №. 1925. – С. 168.
3. Габаева А. М. Изучение прилагательных цветообозначения в курсе русского языка как иностранного //Инновации. Наука. Образование. – 2021. – №. 31. – С. 1699-1702.

ӘӨЖ 82\_12+821.512.122

### **ЖАРИЯЛАУШЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ. АЛҒАШҚЫ АЙТУШЫ АДАМ КІМ БОЛҒАН?**

**Бекбосынқызы Ақерке**

[aqerkee@gmail.com](mailto:aqerkee@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Ержанова Гүлдария Баймурзаевна

Қазақ фольклортану ғылымында эпостық туындыларды үш салаға бөліп қарастырып келеді. Олар батырлық эпос, лиро-эпос және тарихи эпос. Лиро-эпос – лиро-эпикалық жанр, лирикалық әрі эпикалық тұрғыдан жасалған көркем әдеби шығарма. Лиро-эпостық шығарманың қаһармандары қарапайым, сүйіспеншілікке берілген нәзік сезімді, азаттық үшін күрескер жандар болып келеді. Батырлар жырымен салыстырғанда, сүйіспеншілік, махаббат тақырыбындағы жырларда халықтың тұрмыс-салты, әдет – ғұрпы, адамның ішкі сезімі молынан баяндалады. Бұлардың лиро-эпос деп аталуы да сондықтан. «Қыз Жібек» жыры да халық арасында көп замандар ауыздан-ауызға көшіп, біреуден – біреу жаттап алу арқылы кейінгі ұрпаққа жетіп, баспаға іліккен.

«Қыз Жібек» жырының нұсқалары көп. Талай ғасырларды басынан кешіргендіктен, лиро-эпостардың да негізгі желісіне басқаша бір оқиғалар, эпизодтар қосылуы кейде бір нұсқада бар көріністер, екіншісінде болмауы кейде шығармаларда суреттелетін оқиғалардың шиеленісі, шарықтау шегі мүлдем өзгеше болуы да ықтимал екендігін жырдың версиялары мен варианттары дәлелдеп берді. Осы орайда мынандай сұрақ туындайды: «Қыз Жібек» жырының алғашқы айтушысы кім? Жырды жариялаушының қызметі қандай? Версиялары мен варианттар қатарына ауызша үлгіде жырлаған нұсқаларды кіргізе аламыз ба? Қойылған сұрақтардан кейін жырдың алғашқы айтушысы мен жариялаушы арасындағы байланыстың маңызды тұстары бар екендігіне көз жүгірте аламыз. Бұл жағдаятты ғылыми тұрғыда қарап, жырдың үш нұсқасы мен бірнеше айтушысы салыстырылып, сараптама жұмыстары жасалды.

Ғылыми мақала жазу барысында салыстырмалы зерттеу тәсіліне жататын тарихи талдау, топтау және мәтіндік талдау әдістері қолданылды. Жырдың варианттылығы мен версиялығына, айтушысы мен жариялаушысына байланысты мәселелер шешімін ғылыми тұрғыдан және әдіснамалық тұрғыдан зерттеуде қазақтың алғашқы және бүгінгі зерттеушілерінің еңбектері